**2016-2017 о.ж. сапа саласындағы мақсаттардың орындалуы жайлы есебі, 2017-2018 о.ж. арналған сапа саласындағы мақсаттарды бекіту бойынша**

**АҚПАРАТ**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтикалык академиясының 2017-2021 жылдарға арналған сапа саласындағы Саясатын жүзеге асыру үшін ОҚМФА жоғарғы басшылығы сапа саласында келесі мақсаттарды қойды:

1. *Сапа менеджмент жүйесінің ISO 9001:2015 халықаралық стандартының жаңа үлгісіне өтуін және сертификация рәсімін жасауды жүзеге асыру.*

- Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы 2017 жылдың мамыр айында «Руский Регистр» сертификаттау қауымдастығы тарапынан бақылау аудиті процесінде ұйымның СМЖ қызметінің нәтижелілігіне байланысты құжаттамалар және сапа менеджмент жүйесінің ИСО 9001:2015 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігі тексерілді. Жалпы алғанда, аудитор мынадай қорытынды шығарды: ОҚМФА-да СМЖ жұмыс жағдайында, нәтижелілігі жақсаруда, СМЖ тұтастығы қамтамасыз етілген. ОҚМФА ИСО 9001:2015 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігін көрсетіп, куәландырылды.

2. *2017-2019 жылдарға арналған «Медициналық білімді жаңғырту» Жол картасы жобасының жоспарланған іс-шараларын ҚР денсаулық сақтауды дамытудың «Денсаулық» 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында орындалуын қамтамасыз ету бойынша:*

   «Денсаулык» 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру максатында, Медициналык білімді жаңғырту» Жол картасы жобасының жоспарланған іс-шараларын іске асыру бойынша ОҚМФА-да жобалық топтын құрамы анықталып бекітілді. (Бұйрык №74ө 01.09.2017ж.)

   КРДСМ «Денсаулык сактауды дамыту республикалық орталығынан» ШЖҚ РМК келген хатта көрсетілген қосымшалар нысанына сәйкес 2017 жылдың 9 айлык МБЖ жобадағы желілік кестелердің орындалуы жөніндегі есебі берілді (044-01/12-1047, 25.09.2017ж.)

3. *2017-2019 жылдарға жоспарланған іс-шараларды Гданьск медициналық университетімен стратегиялық серіктестік аясында келесі жұмыстар атқарылды:*

ҚР денсаулық сактауды дамытудың «Денсаулық» 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы ҚР БМ «Медициналық білімді модернизациялау» жобасын іске асыру аясында Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясының стратегиялық серіктесі Гданьск медицина университеті (Польша Республикасы) болып анықталды;

2017 жылға арналған Гданьск медицина университетімен стратегиялық серіктестік бойынша Жол картасы және тәжірибеден өткізу мен ұйымдастыру жоспарлары, онлайн сертификациялық курстары, лекция оқу үшін ғалымдарды шақыру және т. б. әзірленді. Тәжірибеден өту, оқыту тақырыптары және т. б. ЖОО-серіктесімен келісу үстінде.

2017ж. 10 акпан күні фармацевтикалық факультетінің 4-ші курсынын 7 студенті Гданьск медицина университетіне академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша, ҚР БҒМ қаржы құралдары есебінен бір академиялық кезеңге 2017 ж 13 маусымға дейін барып келді.

2016-2017 оқу жылына Гданьск медицина университетінде алмасу бағдарламасы бойынша 18 адам оқыды.

Гданьск медицина университетінің ғылым бойынша проректоры **Томаш Бачек** және фармация факультетінің деканы **Михал Маркушевский** серіктестік аясында 03.04. – 05.04.2017 жылдар аралығында ОҚМФА-ға келіп келесі мәселелер мақұлданған:

- фармацевтикалық факультетінің даму стратегиясы мақұлданған, факультеттің ғылыми бағыттарды тиімді дамыту бойынша ұсыныстар берілді.
- ОҚМФА ғылыми зерттеулерін даму стратегиясы мақұлданған;
- ГдМУ-нің өкілдерімен ПОҚ үшін «Шымкентте Инновациялық ғылым», «Гданьск медицина университетінде Ғылым және білім», «Қазіргі заман клеткалық терапия көмегімен Т-реттеуші жасушалардың емдеу үшін диабет 1 типті» тренинг өткізілді;
- "Фармация"мамандығы үшін ОҚМФА және ГдМУ арасында бірлескен білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспары мақұлданған.

2017 жылы 11-17 шілде аралығында стратегиялық серіктестікті іске асыру жобасы аясында Гданьск медицина университетіне ОҚМФА делегациясы барып келді. Медицина факультеттер арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. «Жалпы медицина» мамандығының даму стратегиясы және оқу жұмыс жоспары мақұлданған

- «Memorandum of strategic partnership in the sphere of education, healthcare, academic, scientific and cultural corporation between South-Kazakhstan State

Pharmaceutical Academy and The Medical University of Gdansk» - атты ынтымақтастық туралы меморандум 2017 жылы қайта жаңартылды;

4. *ОҚМФА 2017-2021 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарымен бекітілген 2017-2019 жылдарға жоспарланған іс-шаралардың орындалуына және көрсеткіштерді қол жеткізуді қамтамасыз ету бойынша;*

➢ ОҚМФА Даму жоспары бойынша ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік сатып алу және активтер Департаментіне:
- 2017 ж. I-ші және II-ші кварталдарға есеп;
- 2017 ж. жарты жылдық есеп;
- 2017 жылы 8 айда орындалған көрсеткіштер бойынша есептер берілді.

➢ 2017-2021 жылдарға «ОҚМФА» АҚ Даму стратегиясы дайындалып, осы жылдың қыркүйек айында ҚР Денсаулық сақтау министрлігінде келісілді.

➢ 2017-2018 оқу жылына ОҚМФА-ң Операциялық жоспары 2017-2021 жылдар бойынша Даму стратегиясы бойынша әзірленді.

5. *ОҚМФА 2016-2019 жылдарға көптілділікті дамыту жоспарымен бекітілген 2017-2019 жылдарға жоспарланған іс-шараларының орындалуын қамтамасыз ету бойынша.*

***Білім алушы топтар арасында көптілде оқитын топ құру:***
- «Жалпы медицина» мамандығы бойынша 1 курста - 2 топ құрылды(1-қазақ және 1-орыс топтары), 2 курста - 2 топ құрылған (1-қазақ және 1-орыс топтары);
- «Мейіргер ісі» 3 курста – 1 топ;
- «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша 3 курста –1 топ.
- «Фармация» мамандығы бойынша 1 курста – 3 топ, 2 курста – 4 топ, 3 курста – 3 топ, 4 курста 2 топ, 5 курста – 2 топ;
- «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша 1 курста – 2 топ, 2 курста – 1 топ құрылған.

**ПОҚ-нын тілді меңгеру деңгейі**

2017-2018 о.ж. ПОҚ саны Intermediate деңгейінде -21, UpperIntermediate деңгейінде -10, Advanced деңгейінде – 3, UpperAdvanced деңгейінде – 1, Proficiency деңгейінде – 1, IELTS деңгейінде -3.